



**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 қазандағы № 06-7/144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 қарашада № 8922 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 30 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрінің 11.02.2016 № 30 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 25-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің басшыларына жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*А. Байменов*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
қызмет істері агенттігі Төрағасының  
2013 жылғы 16 қазандағы  
№ 06 - 7 / 144 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі**

№ п/п	Дербес деректердің атауы
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты
4	Туу туралы мәліметте туған жері күні
5	Ұлты
6	Жынысы
7	Отбасылық жағдайы
8	Азаматтығы туралы мәліметтер
9	Білімі
10	Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы
11	Мамандығы бойынша біліктілігі
12	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы
13	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
14	Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті)
15	Қолы
16	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжатты берген күні; құжаттың берген мерзімі; құжатты берген орган қолданылу
17	Шет тілдерін білуі
18	Дипломатиялық дәрежесі
19	Байланыс тіркелген және тұрған мекен жайы байланыс электрондық пошта деректе
20	Әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені
21	Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары
22	Арнайы тексеру нәтижелері
23	Мемлекеттік қызметшінің ант берген күні
24	Сотталу туралы мәлімет
25	Тәртіптік жазалар туралы мәлімет
26	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазалар қолданылғаны туралы мәлімет
27	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылғаны туралы мәлімет

28	Әрекет қабілеттік туралы мәлімет
29	Мемлекеттік лауазымдар атқаруға тыйым салу туралы мәлімет
30	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет
31	Аттестациядан өткен күні және нәтижелері
32	Қайта даярлау (қайта мамандану) және біліктілігін арттыру курстарынан өткен күні
33	Атқарып отырған лауазымы, санаты туралы мәлімет
34	Еңбек жолы туралы мәлімет қабылданған, босатылған күн лауазымы, жұмыс орны; ұйымның орналасқан жері
35	Жұмыс орнындағы мінездеме
36	Ұсынымхаттар
37	Денсаулығы туралы мәлімет
38	Тестілеудің нәтижелері заңнаманы білу туралы мемлекеттік тілді білу туралы логикалық тесті жеке тұлғалық және басқарушылық біліктілігінің деңгейін анықтау туралы
39	«А», «Б» корпусының кадр резервіне алынғаны туралы мәлімет